

- 18 History of Kazakhstan (from ancient times to the present day). (2009) In five volumes. Almaty: Atamura, Vol 4. 387 p. [in English]
19 Ivnitsky N.A. (2006) On the famine of 1932-1933 in the USSR. M. 345 p. [in English]
20 Bazanova F.N. (1987) Formation and development of the population structure of the Kazakh SSR. The national aspect. Alma-Ata. p. 78. [in English]
21 State Archive of the Novosibirsk region. F. 47. op. 1, d. 1889, l. 201. [in English]
22 State Archive of the Novosibirsk region. F. 47, op. 1, d. 1519, l. 314 [in English]
23 State Archive of the Novosibirsk region. F. 47. op. 1, d. 2506, l. 270 [in English]

Information about authors:

Kairat Zhanabayev - **corresponding author**, candidate of philological sciences, “Research of kazakh folklore and literature” named after Zhambyl, Al-Farabi Kazakh national University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: ovlur1963@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4755-6631>

Информация об авторах:

Кайрат Жанабаев – **основной автор**, кандидат филологических наук, ведущий научный сотрудник центра «Исследования казахского фольклора и литературы» имени Жамбыла, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: ovlur1963@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4755-6631>

Авторлар туралы ақпарат:

Кайрат Жаңабаев – **негізгі автор**, филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университеті, Жамбыл атындағы «Қазақ фольклоры мен әдебиетін зерттеу» орталығының жетекші ғылыми қызметкері, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: ovlur1963@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4755-6631>

FTAMP 03.20
ӨОЖ 94 (574)

DOI 10.47649/vau.2023.v70.i3.03

Ж.К. Жумабаева^{1*} , А.М. Сақпалиева² 

¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
Атырау қ., 060011, Қазақстан Республикасы

²Каспий университетінің колледжі
Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

*e-mail: zia88@mail.ru

ҰЖЫМДАСТЫРУ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ (1925-1929 ЖЖ.) ГУРЬЕВ УЕЗІНІҢ ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚОЖАЛЫҚТАРЫ: СТАТИСТИКАЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР ТАЛДАУ

Аңдатпа.

Мақала Кеңес өкіметінің XX ғасырдың 30-жылына дейін көшпелілік ғұрпын сақтаған қазақ қожалықтарын социалистік негізге көшіру барысында жүргізген реформаларының заңсыздығын Гурьев өңірі мысалында ашуға ықпал ететін мәселелерге арналған. Мақалада байларды тәркілеу мен ұжымдастыру қарсаңындағы Гурьев уезі құрамындағы көшпелі қазақтар тұратын болыстықтар мен ауылдардың әкімшілік-территориялық құрылымын, өңірді мекендеген халықтың ұлттық, әлеуметтік құрамын, мал шаруашылығымен айналысатын жеке меншіктегі қожалықтардың санын және мал саны көрсеткіштерін салыстырмалы талдау, саралау арқылы зерттеу қорытындылары шығарылды. Атап айтқанда, Гурьев уезінің жайсыз климаттық ерекшеліктеріне орай, бұл өңірдегі жеке қожалықтардың Қазақстанның өзге аймақтарына

қарағанда шаруашылықтық әлсіздігі мал санының аздығымен тұжырымдалады. Сонымен қатар, өңірдегі қазақ қожалықтарының экономикалық әлсіздігі 1918-1920 жылдардағы уезд аумағындағы Азамат соғысы зардаптарымен және 1921-1923 жылдардағы бірнеше дүркін болған қуаңшылық пен жұтпен байланыстырылады.

Гурьев уезіндегі кеңестендіру шаралары барысында жүргізілген әкімшілік-территориялық өзгерістердің көптігі халықтың әлеуметтік-экономикалық құрылымына ықпал еткені 1926-1929 жылдар аралығында салыстырылып талданады. Өңір халқының ұлттық жағынан салыстырмалы түрде біркелкілігін көшпелі мал шаруашылығының басымдығымен негіздейді. Бұл талдаулар Гурьев өңіріндегі 1928 жылғы ірі байларды кәмпескелеу, 1929-1933 жылдардағы мал және ет дайындату және ұжымдастыру сияқты саяси науқандарды әділетсіз өткенін ашуға ықпал етеді, Уезд аумағында кәмпескелеу шарттарына сәйкес келетін қожалықтардың болмағанын дәлелдейді.

Негізгі сөздер: 20-жылдардағы Гурьев уезі, кеңестік шаралар, әкімшілік-территориялық өзгерістер, халқының сапалық құрамы, көшпелі жеке қожалықтардың экономикалық жағдайы, мал басы, салыстырмалы талдау.

Кіріспе.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Кеңес өкіметінің орнығу кезеңіндегі Гурьев аймағындағы кеңестендіру, көшпелі қазақ қожалықтарын отырықшылыққа көшіру және ұжымдастыру мәселелері қазақстандық тарих ғылымында ізденіс аясынан мүлде тыс қалды. Республика деңгейінде кеңестендіру зардаптары туралы зерттеулер болғанымен, аймақ деңгейінде бұл проблемаларға мән берілмеді және кеңестік реформалардың ақиқаты ашылмады. Бұл маңызды мәселе ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың сталинизм құрбандарын толық ақтау жөніндегі Жарлығына сәйкес зерттеле бастады.

Мақаланың ізденіс аясындағы халық саны мәселесіне орай бұрынғы тарихи-демографиялық сипаттағы зерттеулерге шолу жасасак, олар өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін тек кеңестік қоғам тарихына қатысты қарастырылып, жарық көрген еңбектер қазақ халқының бастан өткерген қасіретті кезеңінің мәселелері мен себептерін қозғамады. Сондықтан, 80-жылдардың соңына қарай қазақстандық ғалымдарының зерттеулерінде алғаш рет саяси факторлардың қазақ халқына тигізген зардаптары да талдана бастады. Осындай зерттеулер қатары Абылхожин Ж., Қозыбаев М., Тәтімов М., Асылбеков М., Галиев А. т.б. ғалымдар еңбектерімен толықты [1], [2].

Қазақстанның батыс аймағының тұрғындары туралы М.Сдыковтың монографиясында [3], Ә.Аман диссертациясында кездессе, ішінара мәліметтер К.Жаулиннің кандидаттық диссертациясында Ж.Жумабаева мен С.Молдашеваның мақаласында т.б. зерттеушілер еңбектерінде көрініс тапты [4], [5]. Дегенмен Гурьев (Атырау) өңіріндегі кеңестендіру зардаптары туралы арнайы монографиялық еңбектер жоқ деуге негіз бар [6].

Осы зерттеу жұмысы Кеңестік биліктің аса ірі волонтаристік шаралары – көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ірі байларды тәркілеу және қазақтың жеке қожалықтарын күшпен отырықшыландыру, ұжымдастыруға дейінгі Гурьев уезіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды, өңірдің халық саны, сапалық құрамы және шаруашылықтар деңгейін айқындауға және жоғарыдағы түбегейлі қайта құрулардан кейінгі жағдайлармен салыстырмалы талдауға, пайымдауға мүмкіндік береді. Мақаладағы мәліметтер мен тұжырымдарды ірі байларды кәмпескелеудің, салық салу мен мал дайындау науқандарының зардаптарын түсіндіруге қолдануға болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Мақалада зерттеу нысаны ретінде Атырау өңірінің 20 ж. (бұрынғы Гурьев) әкімшілік-аумақтық құрылымы мен демографиясы, шаруашылығы алынып, 1925 жылдан 1928 жылғы байларды тәркілеу және ұжымдастыру-отырықшыландыру науқандарына дейінгі әкімшілік-территориялық құрылымының өзгерісі, тұрғындарының сандық көрсеткіштері және ондағы қожалықтар туралы мұрағат деректерін талдау осы тақырыптағы

әдебиеттердегі мәліметтермен салыстырылып талданады. Зерттеу нысанына қатысты негізгі дереккөрі Атырау мемлекеттік архиві материалдары саналады. Сонымен қатар Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві қорының, ҚР Орталық мемлекеттік архив қорының материалдары нақты тарихи және басқа да статистикалық жинақтар, демография тақырыбына жазылған зерттеу жұмыстары пайдаланылды. Олардағы мәліметтерді іріктеу, жүйелеу нақты-тарихи және нарративтік әдістер арқылы тұжырымдалды. Тарихилық әдісі зерттеу нысанына қатысты мәселелерді уақыттық, хронологиялық тұрғыда қарастыруға мүмкіндік берсе, салыстырмалы-статистикалық әдіс өңір тұрғындарының және қожалықтарының сандық-сапалық өзгерістерін талдауға ықпал етті. Себеп-салдарлық, компаративтік әдіс Гурьев уезі тұрғындары мен қожалықтарының өсу және азаю динамикасын ашуда, ал аналитикалық әдіс осы процестерді тұжырымдауға өз септігін тигізді.

1925-1929 жылдар аралығындағы Кеңес өкіметі дәстүрлі қоғамнан социализмге өтудің жедел, әрі волонтаристік шараларының бірі ретінде бірнеше дүркін әкімшіл-территориялық бөлініс жасап, уездегі көшпелі қазақтың өмірі мен шаруашылығына мүлде қолайсыз түбегейлі өзгерістер енгізді. Жол торабы, инфраструктурасы, сауда мекемелері, тұрақты қоныстары жоқ көшпелі жұрт жыл сайынғы территориялық бөліністерден зардап шекті.

Жүйелілік принципі негізінде зерттеу нәтижелері ірі байларды тәркілеу және ұжымдастыру мен отырықшыландыру сияқты ұланғайыр формациялық өзгерістер қарсаңындағы уездегі қазақ тұрғындарының демографиясы мен шаруашылық деңгейін бағамдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен оларды талқылау.

Әкімшілік-территориялық құрылымына сараласақ, 1920 ж. 20 қазанында Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы құрылғанға дейін Гурьев қаласы әуелі Астрахань губерниясының, одан кейін Орал казактары әскерлігінің уақытша қарауында және Орынбор губерниясы құрамында болды. ҚазАКСР-і әкімшілік-территориялық құрылымына сәйкес, 1920 жылы Гурьев уезі Орал губерниясының құрамына берілді.

1920 жылы бұл уезде 34 болыстық болса, 1923 жылы КазАКСР Атқару комитетінің қаулысына орай ірілендіріліп, 11 болысты құрады. Орталығы Гурьев қаласы болған Гурьев уезінің 1925 жылғы құрамына 11 болыстықтар және Плотовинск, Ракушечье, Тохтаркин ауылдарынан тұратын УАК-ке (Уездік Атқару комитеті) тікелей бағынышты сельсоветтер және 3 кенорындарындағы (Мақат, Доссор, Ракуша) қоныстар қосылды (1-кесте).

Кесте 1 – Гурьев уезі бойынша болыстар мен селсоветтер және тұрғындарының сандық көрсеткіші

Болыстар	17/II 1925 жылғы санақ бойынша	Санақтың 3-ші рет жасалған формасы			
		қазақ	орыс	татар	басқалар
1. Редут	9 470	6 186	3 256	-	-
2. Тополи	7 322	1 733	5 789	-	-
3. Қарасамар	7 589	7 589		-	-
4. Есбол	7 428	7 430	-	-	-
5. Соколок (Сокол)	13 669	13 593	-	76	-
6. Ракуша	7 358	7 358	-	-	-
7. Сарыкөл	13 272	13 272	-	-	-
8. Қызылқоға	11 160	11 150	-	-	10
9. Ембі	16 919	16 369	-	-	550
10. Ембі-Атырау	6 270	6 270	-	-	-
11. Ақжал	8 404	8404	-	-	-

УАК-ке тікелей бағынышты селсоветтер					
1. Плотовинский	1 440	1240	-	-	-
1924 ж. Кеңестер құрылмай, тек жұмысшылардың жалпы жиналысына төраға мен хатшы сайланған кен орындары					
1. Доссор	1 598	953	645	-	-
2. Ракуша	689	478	211	-	-
3. Мақат	133				
Барлығы	112 721	102 025	9 901	76	560
		112 562			
Ескерту: Гурьев уезі бойынша болыстар мен селсоветтер және тұрғындарының сандық көрсеткіші [7]. Бұл тізімге қала халқы кірмейді					

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы бойынша Орал губерниясы халық сирек қоныстанған аймақ ретінде кестенің ең соңына ілігіп, тұрғындарының жалпы саны 638 244 адам, оның 124 994-і Гурьев уезінікі болды [3. – 103]. К.М. Жаулин зерттеуінде Гурьев уезі кіретін Орал губерниясының тұрғындарының саны 681 мыңнан аса және территориясы шамамен 266 мың шаршы шақырым делінген [5. – 16]. Тағы бір деректе Орал губерниясында халық саны – 589 789, соның ішінде Гурьев уезінде жергілікті тұрғындар саны 112 941 адам, оның қалалық тұрғындар саны 15 917 адам, бұл Гурьев уезі бойынша М.Сдықовтың мәліметтеріне сай келеді.

Гурьев уезі 1926 жылы 14 болысқа бөлініп, әр болыстың халық саны төмендегідей көрсетілген:

Ақжал – 2 126

Доссор селсоветі – 5 330

Есбол – 7 561

Қарасамаар – 7 279

Қызылқоға – 12 524

Плотовинск селсоветі – 1 670

Ракуша – 4 855

Редут – 9 477

Сарыкөл – 11 068

Сарытөбе – 16 770

Соколок – 12 228

Тополи – 8 019

Ембі (Жем) – 10 622

Ембі-Атырау – 3 412

Сарытөбе, Қызылқоға, Соколок, Сарыкөл болыстықтарында халық тығыз қоныстанған [8].

Уездің Гурьев қаласын қоспағандағы ұлттық құрамы қазақтардың басымдығын (90%) көрсетеді, барлығы – 101 841 адам, оның 52 665-і ер, 49 176-ы әйел, оның ішінде, сауаттылары 5 770 адам – 5,5% құрайды.

Кесте 2 – Уездің Гурьев қаласын қоспағандағы ұлттық құрамы қазақтардың басымдығы

Әкімшілік-аумақтық түрі	Гурьев уезі бойынша сауатты қазақтар	
	Ер	Әйел

Қала (Гурьев, Доссор)	418	48
Селолық жерлер	5 054	250
Барлығы	5 472	298
Ескерту: Гурьев уезі бойынша сауатты қазақтар [8]		

Ал жергілікті архивтің «1927 жылға статистикалық есебі мен 1926 жылғы халық санағының алдын ала жиынтығы» құжатында болыстардағы халық саны мен шаруашылық түріне байланысты мынадай мәліметтер берілген.

Кесте 3 – 1927 жылға статистикалық есеп

Болыстар мен селсоветтер	Тұрмыстық белгісі бойынша	Тұрғындар саны	Әр топтағы адам саны
1. Редут	отырықшы	9 480	35 043
2. Тополи (Тобыл)	отырықшы	8 149	
3. Есбол	отырықшы	7 568	
4. Плотовинский селсоветі	отырықшы	1 661	
5. Кеңөзек селсоветі	отырықшы	475	
6. Соколок (Сокол) №1-12 ауылдар	көшпелі	7 710	30 883
4.1. Соколок (Сокол) №13-18 ауылдар		4 506	
7. Ракуша	көшпелі	4 158	
8. Ембі-Атырау	көшпелі	3 412	
9. Сарытөбе	көшпелі	16 636	
10. Ақжал	көшпелі	2 121	41 241
11. Қарасамар	жартылай көшпелі	7 053	
12. Қызылқоға	жартылай көшпелі	12 590	
13. Сарыкөл	жартылай көшпелі	11 083	
14. Ембі	жартылай көшпелі	10 515	
Барлығы 107 117			
Ескерту: авторлармен құрастырылған			

Гурьев пен Доссор қалаларының тұрғындар саны – 15 894 [9]. Сонда жалпы саны 123 011 адамды құрайды. Бұл кестенің жоғарғыдағы мәліметтен аз-кем өзгешелігі, есеп жүргізудегі жаңылыстан болуы мүмкін. Ғалым М.Сыдықов тұрғындардың көбеюі табиғи өсім негізінде емес, Калмыков уезінің тарауына байланысты болу мүмкіндігін негіздейді [3. – 10]. Сонымен қатар, 3-кестеде отырықшы тұрғындар – 32,8%, көшпелі тұрғындар – 28,8%, жартылай көшпелі тұрғындар – 38,4% құраған. Бұл мәлімет шындыққа сай келмейді, себебі, кестедегі жартылай отырықшы делінген Қарасамар, Қызылқоға, Сарыкөл, Ембі болыстықтары мал шаруашылықты мекендер саналады.

Келесі 4-кестеде 1927 жылғы уездегі болыстар тұрғындарының сандық-сапалық көрсеткіші берілген:

4-кесте

Кесте 4 – 1927 жылғы Гурьев уезі бойынша халық саны

Болыстар	Ұлты бойынша адам саны		
	Ерлер	Әйелдер	Барлығы

	қазақ	орыс қазақ	татар	басқа ұлттар	қазақ	орыс қазақ	татар	басқа ұлттар	
1. Соколок	5 922	-	48	-	6 767	-	47	-	12 784
2. Қызыл-қоға	6 381	-	57	2	5 608		59	3	12 110
3. Ембі (Жем)	6 717	428	204	-	6 227	421	190	-	14 187
4. Сарыкөл	6 441	-	-	-	5 171	-	-	-	11 612
5. Сарытөбе	Мәлімет берілмеген								18 008
6. Есбол	3 900	1	-	-	3 637	1	-	-	7 539
7. Қарасамар	205	-	-	-	203	-	-	-	408
8. Ракуша	2 577	-	-	-	2 784	-	-	-	5 361
9. Редут	Мәлімет берілмеген								5 247
10. Тополи	Мәлімет берілмеген								6 353
Қалалық совет	Мәлімет берілмеген								
1. Гурьев	Мәлімет берілмеген								11 992
Дербес ауылдық кеңестер									
1.Плотовинск	1 025	5	-	-	897	6	-	-	1 933
2.Кеңөзек	280	-	-	-	234	-	-	-	514
Барлығы	108 048								
Ескерту: кесте [10] дереккөзі негізінде құрастырылған									

Алайда, кестедегі мәліметтер толық емес:

1) Қарасамар болысының №1, 3, 7 ауылдарынан мәлімет жоқ, тек №2, 4, 5, 6 кеңестік ауылдары бойынша тұрғындарының саны берілген. Редут болысында да осындай жағдай.

2) Осы тізімде Сарыкөл болысының №7 ауылы, Қарасамар болысының №1, 3, 7 ауылдары, Ақжол болысының ауылдарының мәліметі жоқ.

3) Гурьев қаласы, Редут, Тополи болыстары, Кеңөзек дербес ауылы туралы мәліметтер берілмеген. Өйткені, тек кеңестендірілген ауыл-аймақтар ғана санаққа іліксе керек. Сондықтан, тұрғындардың нақты саны айқын болмады. Әйтсе де, бұл дерек Гурьев уезінде қазақтардың басымдығын айғақтайды.


Сол жылғы, яғни 1927 жылғы Гурьев уезіндегі мал басы мен қожалықтарының саны келесі кестеде берілген:

Кесте 5 – 1927 жылғы Гурьев уезіндегі мал басы мен қожалықтарының саны

Болыстар	Қолда бар мал саны					Қожалықтар саны			
	Түйе	Жылқы	Сиыр	Қой мен ешкі	Барлығы	Қазақ	Орыс-казак	Татар және басқалар	Барлығы
1. Соколок	6 315	1 312	6 993	56 466	70 906	2 616	-	14	2 630
2. Қызыл-қоға	3 386		13 426	35 115	53 428	2 691	-	30	2 721
3. Ембі (Жем)	4 217	1 700	7 378	52 285	65 580	Мәлімет берілмеген			3 122
4. Сарыкөл	2 766	1 330	9 934	36 926	50 956	2 870	-	-	2 870
5. Сарытөбе	10 215	6 114	20 619	17 425	54 373	4 219	-	-	4 219
6. Есбол	1 222	335	3 641	8 857	14 055	1 691	1	-	1 692
7. Қарасамар	206	125	594	653	1.578	102	-	-	102
8. Ракуша	4 549	1 722	2 024	36 247	44 542	5 359	-	-	5 359
9. Редут	Мәлімет берілмеген								1 252
10. Тополи									1 534
Қалалық совет									
1. Гурьев	Мәлімет берілмеген								1 797
Дербес ауылдық кеңестер									
1. Плотовинск	151	189	963	193	1 496	473	2	-	475
2. Кеңөзек	Мәлімет берілмеген				111	-	-	-	111
Барлығы	357 025					27 884			
Ескерту: авторлармен құрастырылған									

Бұл көрсеткіште Гурьев уезіндегі мәліметтердің толық еместігіне қарамастан, 357 025 мал санын 27 884 қожалыққа бөлгенде әр қожалықта орташа есеппен 12-13 бас малдан келеді. Мұның өзі ірі байларды кәмпескелеу қарсаңындағы Гурьев уезі сияқты аридтік зонадағы қазақтың көшпелі шаруашылықтарындағы мал санының аздығын көрсетеді. Осы кестедегі Ракуша болыстығында әр қожалықтағы мал саны – 8 бас мал, Ембі – 21 бас мал, Сартөбе – 12,9 бас мал, Қызылқоға – 19,6 бас мал, Сарыкөл – 17,8 бас мал, Есбол – 8,3 бас мал, Қарасамар – 15,5 бас мал, ең көбі Соколок болыстығында – 27 бас мал боп тұр. Мұндай жағдай өңірдің шөлейтті аймақта орналасу ерекшелігімен қатар, 1921-1923 жылдарда көшпелі аймақтардағы бірнеше дүркін болған жұтқа байланысты қалыптасқан деуге негіз бар.

Төменде берілген 1-суретте жергілікті өңірдің мұрағат құжаттарындағы 1925-1927 жылдардағы халық саны бойынша статистикалық есептері корриляцияланған. 1926 жылдан бастап өңір бойынша халық санының кему динамикасын көрсетеді. Осыған орай, демограф ғалым М.Сдықов 1917-1926 жылдарда оның себебін сыртқы саяси факторлардың ықпалымен (төңкерістер, азамат соғысы, жұт, қарақшылық байланыстырады) т.б. [3. – 106].



Сурет 1 – 1925-1927 жылдардағы жергілікті өңірдің мұрағат құжаттарындағы халық саны

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Гурьев округі: Бұрынғы Гурьев уезінде 14 болыстық пен 2 қалалық мекен болса, 1928 жылдың 17 қаңтарында Орал губерниясы жойылып, губернияның уездері мен болыстықтары есебінен Гурьев және Орал округтері құрылды. ҚазАКСР ОАК-тің 17.01.1928 жылғы VI шақырылған 11 сессияның қаулысымен Гурьев округі құрылып, оның құрамына 6 аудандар кірді: Жаманқала, Есбол, Доссор, Жилокоса, Қызылқоға, Новобогат. 1928 жылдың 15 шілдесінде Теңіз ауданы Орал округінің құрамынан Гурьев округіне беріліп, округтің жалпы халық саны 173 147 адамды құрады [11].

Аудандар төмендегі болыстықтар мен ауылдық кеңестерден құралды:

1. Доссор ауданы – Ракуша, Сокол болысының №13-18 әкімшілік ауылдары мен Доссор селсоветінен, Ембі болысынан (Адай округіне енген бөлігін алмағанда);
2. Жилокоса ауданы – Ембі болысының бір бөлігі, Ембі-Атырау, Ақжал, Келімберді болыстарынан тұрған;
3. Есбол ауданы – Есбол, Сокол (№13-18 әкімшілік ауылдарын қоспағанда) және Жымпиты уезінің Индер болысының №4, 5, 6 әкімшілік ауылдарынан;
4. Қызылқоға ауданы – Қызылқоға, Сарыкөл, Қаракөл (бұрынғы Жымпиты уезі) болыстарынан, Қарасамардың 6 ауыл советтерінен;

5. Новобогат ауданы – Сарытөбе болысы мен Редут болысының Бесарал, Жалғансай, Бақсай, Новобогат, Таңқы, Кеңарал ауыл советтерінен;

6. Жаманқала ауданы – Тополи болысының Харкин, Қызылжар селсоветтері, Редут болысының Сорочинко, Сарайшық, Редут және Кандаур селолық советтерінен, Қарасамар болысының №7 әкімшілік ауылынан;

7. Теңіз ауданы – Бөкей уезінің Теңіз болыстығынан.

Плотовин селсоветі – бұрынғы шекарасымен қалдырған;

Кеңөзек селсоветі – Гурьев қаласынан бөлінген

Сөйтіп, 1928 жылы Гурьев округіне 7 аудан: Новобогат, Доссор, Жилокоса, Жаманқала, Теңіз, Есбол, Қызылқоға, Плотовин, Кеңөзек селсоветтері кірді.

Гурьев округінің аудандары мен Плотовин, Кеңөзек селсоветтерін қосқанда 55 745 шаршы шақырымға жетті. Уезд кезінде ауданы 72 537 шаршы шақырым болса, аумақтық-әкімшілік бөліністен кейін 13 208 шаршы шақырымға кеңейіп, 85 745 шаршы шақырымды құрады [12]. Оның 22,9 шаршы шақырымы (2290 га) егістікке жарамды, соның 78,4%-на тары егілді. Бұл қазақтардың егінмен айналыспағанын дәлелдейді. Бірақ отырықшы, жартылай отырықшы аудандар боп балық аулау, мұнай өндірісі аймақтары жатқызылған [9. – 1]. Осы тұрғыдан, зерттеуші К.М. Жаулиннің халықтың 24%-ы отырықшы, 76%-көшпелі деген мәліметі шындыққа сай келеді [5. – 18].

Кесте 6 – 1928 жылғы Гурьев округі аудандары бойынша шаруашылық саны мен типтері

Аудандар:	Барлық шаруашылық саны	Соның ішінде			
		Көшпелі	%-к көрсеткіш	Отырықшы	%-к көрсеткіш
1. Жаманқала	3008	271	9	2737	91
2. Новобогат	4613	4023	87,2	590	12,8
3. Теңіз	7815	5358	68,6	2457	31,4
4. Есбол	4253	3541	83,3	712	16,7
5. Доссор	2274	1477	65	797	35
6. Қызылқоға	7778	7646	98,3	132	1,7
7. Жилокоса	2967	2812	94,8	155	5,2
Плотовин с/с.	376	8	2,1	368	97,9
Барлығы:	33084	25136	76	7948	24

Ескерту: кесте [13] дереккөзі негізінде құрастырылған

1928 жылы 7 ауданы бар Гурьев округінде ай өтпей-ақ өзгеріс боп, 17 қыркүйекте Жылой (Жилкоса) ауданының Ембі болысынан (Доссорға қосылды – Ж.Ж.) өзге жерлері Адай округіне беріліп, аудан саны қайтадан 6 болды. Содан кейін 1929 жылы Бүкілодақтық Атқару комитетінің (бұдан былай – БОАК) 22 қыркүйегіндегі қаулысына сәйкес, Адай округі таратылып, Маңғыстау ауданы боп Гурьев округіне қосылды [14].

Ал 1930 жылы әкімшілік-аумақтық құрылым тағы да өзгеріп, округ таратылып, аудандар Орал губерниясына тікелей бағындырылды. Енді ауданаралық қосылыстар жүрді. Мысалы, Есбол, Новобогат, Жаманқала аудандары таратылып, Гурьев ауданы құрылды. Қызылқоға ауданы таратылып, Доссор ауданына қосылды.

1930 жылы Гурьев өңіріндегі аудандар былайша түзілді:

1. Гурьев ауданы, Гурьев қаласымен (Есбол, Новобогат, Жаманқала);
2. Доссор ауданы (Доссор, Қызылқоға);
3. Маңғыстау ауданы;
4. Теңіз (Денгиз) ауданы;

5. Жылой (Жилкоса) ауданы;

1928-1931 жылдардағы Қазақстанда өткізілген әкімшілік-аумақтық бөліністері индустрияландыру және ауыл шаруашылығының социалистік негізге көшіруді тездетуге ықпал ету үшін жасалды. Бұл жұмыстар күштеу және көндіру әдістерімен жүргізіліп, Республикалық үкімет органдарынан басқаруда қатандық пен шапшаңдықты талап етті [15].

Округтегі мал саны 884 561 құрап, оның 28 444 немесе 3,2%-ы жылқы, 187 356 (21,2%-ы) ірі қара, 587 175 (66,4%-ы) қой, 38 889 (4,4%-ы) ешкі, 42 697 (4,8%-ы) түйе және 255 өзге мал [16, 1] болса, К.Жаулин көрсеткіштері мынадай: 28 404 жылқы, 192 949 ірі қара, 74 651 қой, ешкі, 61 321 түйе [5. – 18].

Кесте 7 – 1928 жылғы Гурьев округінің аудандары бойынша мал саны көрсеткіші, бас

Аудандар	мал саны	жылқы	ірі қара	қой	ешкі	түйе
Жаманқала	33 877	1 171	12 803	15 608	3 046	1 249
Новобогат	101 814	5 698	35 919	46 485	6 443	7 269
Теңіз	74 673	9 783	51 840	5 787	954	6 309
Есбол	128 317	2 458	20 634	91 424	7 070	6 731
Доссор	104 541	2 442	6 328	86 792	2 642	6 337
Қызылқоға	229 577	3 721	48 348	157 568	13 189	6 451
Жилокоса	211 762	3 171	11 484	183 511	5 245	8 351
Ескерту: авторлармен құрастырылған						

Жаманқала ауданы бойынша 1 қожалыққа 10,1; Новобогат ауданы бойынша 18; Теңіз ауданы бойынша 7,6; Есбол ауданы бойынша 29; Доссор бойынша 43; Қызылқоға бойынша 37,8; Жилокоса бойынша 48,6 бас әртүрлі мал санынан келеді 14. Бұл талдаулар Гурьев өңіріндегі мал және ет дайындату және 1928 жылғы ірі байларды кәмпескелеу сияқты саяси науқандардың әділетсіз болғанын дәлелдейді [16].

Қорытынды.

1920-жылдардағы түбегейлі формациялық өзгерістер, яғни нарықтық қатынастардан социалистік негізге өту жағдайында Гурьев уезінде бірнеше әкімшілік-территориялық бөліністердің жүргізілуі халықтың ауданаралық байланыстардың тұтастығын бұзып, халықтың берекесін кетірді. Жол, коммуникация, инфрақұрылымы жоқ, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ қожалықтары үшін бұл тиімсіз болды. Мақалада көрсетілген статистикалық мәліметтердің толық болмауы билік органдары мен қожалықтар арасындағы жол қатынасының нашарлығын дәлелдейді. Дегенмен уезд халқының сандық және сапалық құрамы, шаруашылықтар мен мал саны жөнінде салыстырмалы талдау жасалып, жаппай ұжымдастыруға дейін олардың даму динамикасы анықталды. Гурьев уезінің Қазақстанның өзге аймақтарына қарағандағы климаттық ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан территориялық, шаруашылық құрылымы, жер және жемшөп ресурстары кеңестендіру шаралары кезінде көп жағдайда есепке алынбады деген тұжырым жасалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Абылхожин Ж., Козыбаев М., Татимов М. Трагедия казахского аула. Вопросы истории. — №7. — 1989. — 18 с.
- 2 Асылбеков М., Галиев А. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980 гг.). — Алматы: Ғылым. — 1991. — 192 с.
- 3 Сдыков М.Н. Население Западного Казахстана: история формирования и развития. 1897-1989гг. — Алматы: Ғылым. — 1995. — 220 с.

- 4 Аман Ә.Б. Батыс Қазақстан ауыл халқы: тарихи-демографиялық аспекті. (XX ғ. 20-80 жылдары). Монография. Жұбанов кітапханасы сериясы. — Ақтөбе. Жұбанов университеті баспасы. — Б. 216.-220
- 5 Жаулин К.М. Батыс Қазақстандағы шаруа қожалықтарын күшпен ұжымдастыру: тарихы мен тағылымы (1928-1933жж.): т.ғ.к. кан. дисс. — Алматы. — 1997. — 265 б.
- 6 Жумабаева Ж.К., Молдашева С.К. Атырау аймағының Кеңес заманындағы этно-демографиялық үдерістері. «Қазақ тарихы» журналы. — № 5(194). — 2021. — Б. 25-31
- 7 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қ-2, т-1, 220-іс, 85 п.
- 8 Всесоюзная перепись населения КАССР 1926 года. Т. VIII. — Москва. — 1928. — 44 с.
- 9 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қ-2, т-1, д.18, 28-29 л.
- 10 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қ-2, т-1, 325-іс. 25-27 пп.
- 11 Атырау (бұрынғы Гурьев) облысының әкімшілік-аймақтық бөліну тарихы туралы анықтамалық (1920-2000жж.). — Алматы: Асем-Систем. — 2003. — 144 б.
- 12 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қ-2, т-1,42-іс, 1,2-пп.
- 13 Атырау облыстық мемлекеттік архиві (АОМА). Қ-2, т-1,42-іс, 5 б.
- 14 Административно-территориальное деление Казахской АССР на 1 мая 1929 года с показанием национального состава районов. Казиздат. — Москва. — 1929. — 26 с.
- 15 Атырау (бұрынғы Гурьев) облысының әкімшілік-аймақтық бөліну тарихы туралы анықтамалық (1920-2000 жж.). — Алматы: Асем-Систем. — 2003. — 144 б.
- 16 Гурьевский округ и его районы. Издание Уральского Губплана. — Уральск. — 1928. — 8 с.

АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ СТРУКТУРА, НАСЕЛЕНИЕ И ХОЗЯЙСТВА ГУРЬЕВСКОГО ОКРУГА В КАНУН КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ (1925-1929 ГГ.): АНАЛИЗ СТАТИСТИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация.

Данная статья посвящена вопросам, способствующим раскрытию несправедливости реформ, проведенных советской властью при переходе кочевых казахских хозяйств на социалистические основы, на примере Гурьевской области. В статье рассмотрены вопросы административно-территориального устройства, национальный и социальный состав населения региона, и состояния единоличных кочевых хозяйств казахов уезда накануне конфискации крупных баев и сплошной коллективизации. Авторы путем сравнительного анализа сопоставили статистические данные разных годов, хранящиеся в фондах Атырауского госархива, сделали вывод о том, что Гурьевский уезд имеет свои специфические особенности по сравнению с другими регионами Казахстана, из-за неблагоприятного климата, наличия пустынных и полупустынных земель. Этими же факторами объясняется экономическая слабость и малочисленность поголовья скота в кочевых животноводческих хозяйствах казахов Гурьевского уезда. Такому положению способствовали также последствия Гражданской войны на территории уезда в 1918-1920 годах, и засухи, случающиеся почти ежегодно в 1921-1923 годах.

Был сделан анализ, что в период 1926-1929 гг. большое количество административно-территориальных изменений, проведенных Советской властью, повлияло на ухудшение социально-экономической структуры уезда. Относительная однородность населения региона по национальному признаку обусловлена преобладанием кочевого животноводства. Заключение данного исследования предполагают о несправедливом проведении предстоящих политических кампаний в Гурьевском регионе, таких как конфискации имущества баев в 1928 году, принудительные мясо и скотозаготовки 1929-1933 годах, подтверждают отсутствие на территории уезда хозяйств, соответствующих условиям коллективизации.

Ключевые слова: Гурьевский уезд в 20-е годы, мероприятия советской власти, административно-территориальные изменения, качественный состав населения, экономическое состояние кочевых единоличных хозяйств, поголовье скота, сравнительный анализ.

ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE, POPULATION AND ECONOMY OF THE GURIEV DISTRICT (1925-1929y.): ANALYSIS OF STATISTICAL MATERIALS

Abstract.

This article is devoted to issues that help reveal the injustice of the reforms carried out by the Soviet government during the transition of nomadic Kazakh farms to socialist principles, using the example of the Guryev region. The article examines issues of administrative-territorial structure, the national and social composition of the population of the region, and the state of individual nomadic farms of the Kazakhs of the district on the eve of the confiscation of

large bais and complete collectivization. The authors, through a comparative analysis, compared statistical data from different years stored in the funds of the Atyrau State Archive and concluded that Guryevsky district has its own specific characteristics compared to other regions of Kazakhstan, due to the unfavorable climate, the presence of desert and semi-desert lands. These same factors explain the economic weakness and small number of livestock in the nomadic livestock farms of the Kazakhs of the Guryev district. This situation was also facilitated by the consequences of the Civil War on the territory of the county in 1918-1920, and droughts that occurred almost every year in 1921-1923. An analysis was made that in the period 1926-1929, a large number of administrative and territorial changes carried out by the Soviet government influenced the deterioration of the socio-economic structure of the county. The relative homogeneity of the region's population along ethnic lines is due to the predominance of nomadic livestock farming. The study's findings suggest that upcoming political campaigns, such as the confiscation of bais in 1928 and forced meat and livestock harvesting, were unfairly conducted.

Key words: Guryev district in the 20s, measures of the Soviet government, administrative and territorial changes, qualitative population composition, economic condition of nomadic individual farmers, livestock numbers, comparative analysis.

REFERENCES

- 1 Abylkhozhin Zh., Kozybaev M., Tatimov M. Tragediya kazakhskogo ayla. [The tragedy of the Kazakh village]. Voprosy istorii. №7. 1989. 18 p. [in Russian]
- 2 Asylbekov M., Galiev A. Sotsial'no-demograficheskie protsessy v Kazakhstane. [Socio-demographic processes in Kazakhstan] (1917-1980 gg.). Almaty: Gylym. 1991. 192 p. [in Russian]
- 3 Sdykov M.N. Naselenie Zapadnogo Kazakhstana: istoriya formirovaniya i razvitiya. [The population of Western Kazakhstan: the history of formation and development]. 1897-1989gg. Almaty: Fylym. 1995. 220 p. [in Russian]
- 4 Aman Ä.B. Batys Qazaqstan auyly halqy: tarihi-demografialyq aspekti. [Rural population of West Kazakhstan: historical and demographic aspect]. (XX ғ. 20-80 жылдары). Monografiya. Jūbanov kitaphanasy seriasy. Aqtöbe. Jūbanov universiteti baspasy. P. 216-220 [in Kazakh]
- 5 Jaulin K.M. Batys Qazaqstandaғы шаруа қожалықтарын күшпен ұйымдастыру: тарихы мен тағылымы. [Forced collectivization of peasant farms in western Kazakhstan: history and lessons] (1928-1933jj.): т.ғ.к. кан. diss. Almaty. 1997. 265 p. [in Kazakh]
- 6 Jumabaeva J.K., Moldaşıeva S.K. Atyrau aimaғыnyñ Keñes zamanyndaғы etno-demografialyq üderisteri. [Ethno-demographic processes of the Atyrau region in Soviet times]. «Qazaq tarihiy» jurnaly. № 5(194). 2021. P. 25-31 [in Kazakh]
- 7 Atyrau oblystyq memlekettik arhivı (AOMA). [Atyrau Regional State Archive]. Q-2, t-1, 220-ıs, 85 p. [in Kazakh]
- 8 Vsesoyuznaya perepis' naseleniya. [All - Union population Census of the] KASSR 1926 goda. T. VIII. Moskva. 1928. 44 p. [in Russian]
- 9 Atyrau oblystyq memlekettik arhivı. [Atyrau Regional State Archive] (AOMA). Q-2, t-1, d.18, P. 28-29 [in Kazakh]
- 10 Atyrau oblystyq memlekettik arhivı. [Atyrau Regional State Archive] (AOMA). Q-2, t-1, 325-ıs. P. 25-27 [in Kazakh]
- 11 Atyrau (būryngy Gurev) oblysynyñ ākimshılık-aimaqtyq bölını tarihy turaly anyqtamalyq. [Handbook on the history of administrative-Regional Division of Atyrau (formerly Guryev) region] (1920-2000jj.). Almaty: Asem-Sistem. 2003. 144 p. [in Kazakh]
- 12 Atyrau oblystyq memlekettik arhivı. [Atyrau Regional State Archive] (AOMA). Q-2, t-1, 42-ıs, P. 1-2. [in Kazakh]
- 13 Atyrau oblystyq memlekettik arhivı. [Atyrau Regional State Archive] (AOMA). Q-2, t-1, 42-ıs, 5 p. [in Kazakh]
- 14 Administrativno-territorial'noe delenie Kazakskoi ASSR na 1maya 1929 goda s pokazaniem natsional'nogo sostava raionov. [Administrative-territorial division of the Kazakh SSR on May 1, 1929 with indication of the national composition of the districts]. Kazizdat. Moskva. 1929. 26 p. [in Russian]
- 15 Atyrau (būryngy Gurev) oblysynyñ ākimshılık-aimaqtyq bölını tarihy turaly anyqtamalyq. [Handbook on the history of administrative-Regional Division of Atyrau (formerly Guryev) region] (1920-2000 jj.). Almaty: Asem-Sistem. 2003. 144 p. [in Kazakh]
- 16 Gur'evskii okrug i ego raiony. [Guryev district and its districts]. Izdanie Uralskogo Gubplana. Ural'sk. 1928. 8 p. [in Russian]

Information about authors:

Zhumaziya Zhumabayeva – **corresponding author**, candidate of historical sciences, associate professor of the Department of “Kazakhstan and world history”, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: zia_88@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0342-4402>

Aida Sakpalieva – master of pedagogical sciences, lecturer of the Department of “Jurisprudence”, college of the Caspian University, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: aika-96.96@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6460-937X>

Информация об авторах:

Жумазия Жумабаева – **основной автор**, кандидат исторических наук, ассоциированный профессор кафедры «Истории Казахстана и всемирной истории» Атырауского университета имени Х.Досмухамедова, г.Атырау Республика Казахстан

E-mail: zia_88@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0342-4402>

Аида Сакпалиева – магистр педагогических наук, преподаватель кафедры «Юриспруденция» колледжа Каспийского университета, г. Алматы., Республика Казахстан

E-mail: aika-96.96@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6460-937X>

Авторлар туралы ақпарат:

Жумазия Жумабаева – **негізгі автор**, тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: zia_88@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0342-4402>

Аида Сакпалиева – педагогика ғылымдарының магистрі, «Құқықтану» кафедрасының оқытушысы, Каспий университетінің колледжі Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: aika-96.96@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6460-937X>